Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 17 қаңтар № 4712-23-00-2/4386іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Маңғыстау облыстық каратэ-до бойынша мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «MANCHESTER» басшысы Төреқұл Абзал Сапарбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Маңғыстау облыстық каратэ-до бойынша мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «MANCHESTER» басшысы Төреқұл Абзал Сапарбекұлына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «MANCHESTER» басшысы Төреқұл Абзал Сапарбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 19.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 26.02.2024, судья Аташева А. О., 27.02.2024
4712-23-3-1/4359

Жеке кәсіпкер «MANCHESTER» басшысы Төреқұл Абзал Сапарбекұлынан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 19.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.02.2024, судья Аташева А. О., 27.02.2024

4712-23-3-1/4359